

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ  
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ  
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АЛМАТЫ  
ҚАЛАСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ  
ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ  
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА  
САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО  
КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА  
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН»

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ  
БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ҚАУЛЫСЫ

22.01.2022 ж.

Алматы қаласы

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ  
ГОРОДА АЛМАТЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 2

город Алматы

**Алматы қаласы Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы  
13 қаңтардағы № 1 қаулысына өзгерістер  
мен толықтырулар енгізу туралы**

Алматы қаласы тұрғындарының арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының (бұдан әрі - COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында және «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 38-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына, 104-бабы 7-тармағының 1-тармағына және 8) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 21 қаңтардағы № 5 қаулысына сәйкес, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 13 қаңтардағы № 1 қаулысының (бұдан әрі - Қаулы) 3-тармағының 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

«1) спорттық-сауықтыру орталықтарына, моншаларға, сауналарға, бассейндерге тек «жасыл» мәртебесі бар және коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинациялауға тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар адамдарға ғана кіру рұқсаты беріледі».

2. Қаулының 3-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) «Ashyq» жобасына қатысатын әлеуметтік-экономикалық объектілердің қызметін Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 13 қаңтардағы № 1 қаулысының 4 және 5 Қосымшаларына сәйкес өлшемшарттарына сәйкес жүзеге асыру».

3. Қаулының 3-тармағының 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«6) тіршілікті қамтамасыз ету және коммуналдық шаруашылық объектілерін қоспағанда, қызметкерлердің COVID-19-ға қарсы вакцинациялануы және ревакцинациялануына қарамастан, мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялардың әкімшілік персоналының және барлық меншіктің нысанындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың кеңсе қызметкерлерінің кемінде 70%-ы қашықтықтан жұмыс істеу режиміне ауыстырылсын.

2022 жылдың 24 қаңтарынан бастап келесі оқыту форматтары айқындалсын:

а) мектепке дейінгі ұйымдарда – («қызыл», «сары», «жасыл» аймақтарда) ата-аналардың өтініштері бойынша штаттық форматта;

ә) жалпы білім беретін мектептерінде («қызыл» аймақ):

- 1-4 бастауыш сыныптар (халықаралық мектептерде 1-6-сыныптар) – штаттық форматта;

- 600 оқушыға дейінгіні қоса алғанда – штаттық форматта;

- 600 оқушыдан жоғары – мектептердің жобалық қуатының 50%-нан аспайтын жүктемемен штаттық форматта;

б) мектептен тыс ұйымдарда, қосымша білім беру ұйымдарында, балалар мен ересектерге арналған түзету кабинеттерінде (орталықтарында) штаттық форматта;

в) жоғары оқу орындарында және колледждерде («қызыл» аймақ) аралас форматта – практикалық, зертханалық, семинар сабақтар, өндірістік практика икемді кесте бойынша штаттық режимде, дәріс онлайн.

Білім беру ұйымы әкімшілігінің қалауы бойынша толық вакцинация курсы алған оқушылар мен студенттерді штаттық форматта оқытуға жол беріледі».

4. Қаулының 2-тармағының 3) тармақшасы және 3-тармағының 3), 8), 9) тармақшалары алып тасталсын.

5. Барлық меншік нысанындағы және ведомстволық тиісті білім беру ұйымдарының басшылары «2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында коронавирустық инфекцияның алдын алу жөніндегі санитариялық-

эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 25 тамыздағы № 36 қаулысының және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының талаптарын қатаң сақтауды қамтамасыз етсін.

6. Алматы қаласының аудан әкімдері, мемлекеттік органдар, Кәсіпкерлер палатасы (келісім бойынша), құқық қорғау және арнайы органдар, мекемелердің және кәсіпорындардың басшылары құзыретіне сәйкес шаралар қабылдасын және Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2022 жылғы 21 қаңтардағы № 5 қаулысының орындалуын қамтамасыз етсін.

7. Осы Қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері**



**Қ. Әбдіжаббарова**